«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы,
130000, Ақтау қаласы, 23 шағын аудан, №100 ғимарат,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

Республика Казахстан, Мангистауская область,
130000, город Актау, 23 микрорайон, здание №100,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

17.10.18 № 02-09/2293

«КазЖобаСаулет-Консалтинг» ЖШС-і
Шымкент қаласы, Ақжайық ш/а, 151 б
тел: 87073284830, e-mail.tooensm@mail.ru.

Маңғыстау облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит Департаменті *(бұдан әрі - Департамент)*, Сіздің «Маңғыстау облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ-нің *(бұдан әрі - Ұйымдастырушы)* тарапынан № 2762096-2 «Ақтау қаласының 3 шағын ауданына егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын жасақтау» жұмысын сатып алу жөніндегі электронды конкурс тәсілімен өткізілген мемлекеттік сатып алуына қатысты жазған 03.10.2018 жылғы №22836 санды шағымыңызға келесіні хабарлайды.

Департамент тарапынан аталған сатып алуға қатысты келтірген шағымыңыз бойынша мемлекеттік сатып алу заңнамасының сақталу мәселесіне камералдық бақылау жүргізіліп, нәтижесімен Сіздің шағымыңызда көсетілген уәждер өз дәлелін таппады.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының *(бұдан әрі - Заң)* 21-бабының 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, конкурстық құжаттама неғұрлым сапалы тауарды, жұмысты, көрсетілетін қызметті ұсынатын конкурсқа қатысушыны айқындау үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттамада конкурстық баға ұсынысына әсер ететін мынадай өлшемшарттарды: әлеуетті өнім берушіде ұлттық стандарттардың талаптарына сәйкес сапа менеджментінің сертификатталған жүйесінің (сертификатталған жүйелерінің) және ұлттық стандарттардың талаптарына сәйкес қоршаған ортаны басқару менеджментінің сертификатталған жүйесінің (сертификатталған жүйелерінің) және (немесе) Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасына сәйкес экологиялық таза өнім стандартына сәйкестікті растаудың болуын қамтамасыз етеді.

Сәйкесінше, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы» Қағидасының *(бұдан әрі - Қағида)* 157-тармағында, Егер әлеуетті өнім берушіде сапа менеджменті жүйесінің ұлттық немесе халықаралық стандартқа сәйкестігін растайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұсынылған тауарларды өндірушіге, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді

орындаушыға сертификаттау жөніндегі органдар, аккредиттеу жөніндегі аккредиттелген орган немесе Қазақстан Республикасы мүшесі болып табылатын аккредиттеу жөніндегі халықаралық ұйымдар берген құжат болған кезде, конкурстық комиссия екі пайыз (2 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді делінген.

Сонымен қатар, Қағиданың 158-тармағында, егер әлеуетті өнім берушіде қоршаған ортаны басқару менеджменті жүйесінің ұлттық стандартқа сәйкестігін растайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұсынылған тауарларды өндірушіге, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді орындаушыға берілген құжат болған кезде, конкурстық комиссия бір пайыз (1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік беретіндігі атап көрсетілген.

Камералдық тексеру нәтижесімен, уәкілетті органның сайтында (cabinet.nca.kz.) экологиялық менеджмент және сапа менеджменті жүйесінің сәйкестігін растайтын құжаттың қолданылу мерзімінің күші жойылғаны белгілі болды.

Осыған орай, әлеуетті өнім беруші «КазЖобаСаулет-Консалтинг» ЖШС-нің ұсынған сапа менеджменті және экологиялық менеджмент жүйесінің сәйкестігін растайтын құжаттың қолданылу мерзімінің күші жойылғанына байланысты конкурстық комиссия мүшелерінің тарапынан шартты жеңілдік берілмеген.

Егер, қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының 12.01.2007 жылғы №221 санды «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 10, 12-бабтарына сәйкес, өтінішіңізге жауап мемлекеттік тілде беріледі және өтініштерді қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімдерге келіспеген жағдайларда шағым жасауға құқылы екендігіңіз қаперіңізге беріледі.

Департамент басшысы **С.Қасымов**

Орын: А. Досанов
тел: 8 7292 33-02-39.